Направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания, можно по следующему адресу: г. Атырау, ул. Айтеке би, 77, atr.pritoda@atyrau.gov.kz.

01-06 № 12
15.02.2022.

ЭФИРНАЯ СПРАВКА

Настоящей справкой подтверждается, что с 7 по 10 февраля 2022 года в эфире телеканала «Атырау» было размещена бегущая строка по заявке ТОО «Тенгизшевройл» с текстом: «ТЕНІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС «ККЖ ІСКЕ ҚОСЫЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚОСЫМША КӨЛЕМДЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, БЕКІТІЛГЕН ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ АЙДАУ ЖОБАСЫНА ТОЛЫҚТЫРУЛАР» ЖОБАСЫНЫҢ ЫҚТИМАЛ ӘСЕР ЕТУ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІ ЖӘНЕ 2022-2024 ЖЫЛДАРҒА ТИГІЗІЛЕТІН ӘСЕРГЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РҰҚСАТ АЛУ ҮШІН ӨТІНІШ ҚҰРАМЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМАҒА ТАПСЫРЫЛҒАН ЖОБАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫН ҚАРАУ БОЙЫНША АШЫҚ ЖИНАЛЫС ТҮРІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗІЛЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ. КҮНІ МЕН УАҚЫТЫ: 2022 Ж. 29 НАУРЫЗ, 10:00 САҒ. ЖӘНЕ 14:30 САҒ. ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ҚҰЛСАРЫ Қ., МАХАМБЕТ ДАҒҒЫЛЫ, 37 (МӘДЕНИЕТ ҮЙІ) МЕКЕНЖАЙЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ ОНЛАЙН ФОРМАТТА ӨТКІЗІЛЕДІ. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ НЕМЕСЕ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ЖАҒДАЙДА ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ОНЛАЙН ФОРМАТТА ҒАНА ӨТЕДІ. ТОЛЫҒЫРАҚ МӘЛІМЕТ ЭКОПОРТАЛДА: <https://ecoportal.kz>. БАЙЛАНЫС НӨМІРЛЕРІ: +77718092202, +77123021506» на казахском языке.

«ТОО «ТЕНГИЗШЕВРОЙЛ» ОБЪЯВЛЯЕТ О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ В ФОРМЕ ОТКРЫТЫХ СОБРАНИЙ ПО РАССМОТРЕНИЮ ОТЧЕТА О ВОЗМОЖНЫХ ВОЗДЕЙСТВИЯХ К ПРОЕКТУ «ДОПОЛНЕНИЕ К УТВЕРЖДЁННОМУ ПРОЕКТУ ЗАКАЧКИ ПРОМСТОКОВ, С УЧЕТОМ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ ОБЪЕМОВ В СВЯЗИ ЗАПУСКОМ ПБР» И ПРОЕКТНЫХ МАТЕРИАЛОВ, ПРЕДСТАВЛЕННЫХ НА ГОСУДАРСТВЕННУЮ ЭКОЛОГИЧЕСКУЮ ЭКСПЕРТИЗУ В СОСТАВЕ ЗАЯВЛЕНИЯ ДЛЯ ПОЛУЧЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО РАЗРЕШЕНИЯ НА ВОЗДЕЙСТВИЕ НА 2022-2024 ГОДЫ. ДАТА И ВРЕМЯ ПРОВЕДЕНИЯ: 29 МАРТА 2022 ГОДА В 10:00Ч. И 14.30Ч. ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ БУДУТ ПРОВОДИТЬСЯ ПО АДРЕСУ: Г.КУЛЬСАРЫ, ПРОСПЕКТ МАХАМБЕТА, 37 (ДОМ КУЛЬТУРЫ), А ТАКЖЕ В ОНЛАЙН-ФОРМАТЕ. В СЛУЧАЕ ВВЕДЕНИЯ ЧС ИЛИ ОГРАНИЧИТЕЛЬНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ, ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ БУДУТ ПРОВЕДЕНЫ ТОЛЬКО В ОНЛАЙН-ФОРМАТЕ. ПОДРОБНЕЕ НА ЭКОПОРТАЛЕ: <https://ecoportal.kz>. КОНТАКТЫ: +77718092202, +77123021506» на русском языке согласно заявке.

И.о. Директора



Б.П.Халелова



Қоғамдық тыңдаулар

Келешек кеңею жобасының басталуына орай қосымша көлемдерді есепке алатын өндірістік сарқын суды жер астына айдау жобасының қосымшаға ықтимал әсерлер туралы есеп

Атырау облысы, Құлсары қаласы
29 наурыз 2022 ж.





ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Уақыты	Күн тәртібінің пункті	Жауапты
9:30 – 10:00	Қоғамдық тыңдауларға (ҚТ) қатысушыларды тіркеу	Каленова Гүлназ, ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің жетекші маманы
10:00 - 10:05	Сәлемдесу	Артығалиев Рзабек Дәуітұлы, ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері; Елеусинов Саламат Конілқошұлы, ТШО кен орнын игеруді басқару нормативті құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің менеджері
10:05-10:10	Онлайн-жиналыстың қатысушыларына арналған ережелер туралы қысқаша хабарландыру (онлайн платформасын пайдалану ережелері, қоғамдық тыңдаудың қатысушыларын тіркеу)	Каленова Гүлназ, ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің жетекші маманы
10:10 - 10:20	Қоғамдық тыңдаудың (ҚТ) ашылуы Қоғамдық тыңдаудың хатшысын сайлау ҚТ регламентімен танысу	ҚТ Төрағасы – Қондыбаев Нұрлан Жаңабайұлы, Жылыой ауданы әкімінің орынбасары
10:20 - 10:40	«ККЖ іске қосуға орай қосымша көлемдерді ескере отырып, сарқын суды жер астына айдаудың бекітілген жобасына қосымшаға ықтимал әсерлер туралы есеп» баяндамасы	Максотова Гүлжамал Аманжанқызы, кен орынды игеру басқармасының нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі үйлестірушісі
10:40 - 11:40	Баяндамаларды талқылау. Сұрақтар мен жауаптар сессиясы	Артығалиев Рзабек Дәуітұлы, ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері
11:40 - 11:45	ҚТ қорытындыларын шығару	ҚТ Төрағасы – Қондыбаев Нұрлан Жаңабайұлы, Жылыой ауданы әкімінің орынбасары
11:45 - 11:50	Қоғамдық тыңдауды жабу	Артығалиев Рзабек Дәуітұлы, ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері



ЖОБА ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Теңіз кешенінің өндірістік сарқын суды айдауға арналған полигон аумағы әкімшілік бірлік ретінде Атырау облысының Жылыой ауданына жатады.



1989г. – «Теңіз кен орны аймағындағы терең сіңіретін қабаттарды іздеу және барлау жобасы»

2001г. – Жер қойнауына ағын суларды айдау туралы Келісім-шарт


2002г. – «Теңіз Газ өндеу зауытының өндірістік сарқын суды айдау жобасы».

2009г. – «ТГӨЗ өндірістік сарқын суды сіңіру жобасына қосымша» (ЕБЗ іске қосу).



Геологиялық құрылым

СХЕМА СТРОЕНИЯ АЛЬБ-СЕНОМАНСКОГО И НЕОКОМСКОГО ВОДОНОСНОГО КОМПЛЕКСА






Тазартылған өндірістік сарқын суды айдау жүйесінің оңайлатылған сұлбасы





Тазаланған сарқын су айдау полигонының қазіргі жағдайы



Условные обозначения:


- Айдау ұңғымалары
- Бақылау ұңғымалары

Ұңғымалар жинаққоры	Ұңғымалар категориялары	Ұңғымалар саны	Ұңғымалардың нөмірлері
Айдау ұңғымалары	Әрекеттегі	5	T-1HT, T-3HT, T-8HT, T-9HT, T-10HT
	Әрекет етпейтін	0	-
	Барлығы	5	T-1HT, T-3HT, T-8HT, T-9HT, T-10HT
Бақылау ұңғымалары	Әрекеттегі	7	T-2HT, T-4HT, T-5HT, T-6HT, T-7HT, T-11HT*, T-12HT
	Барлығы	7	T-2HT, T-4HT, T-5HT, T-6HT, T-7HT, T-11HT*, T-12HT
Полигонның жалпы ұңғымалар жинаққоры		12	T-1HT, T-3HT, T-8HT, T-9HT, T-10HT, T-2HT, T-4HT, T-5HT, T-6HT, T-7HT, T-11HT, T-12HT

*Көпфункционалы ұңғымалар ретінде бұрғыланған



Айдау көлемдері





Гидрогеологиялық мониторинг бағдарламасы

27

Химиялық құрамның
зерттеудің
көрсеткіштері

2

Жылына 2 рет

7


Мониторинг ұңғыма




Қаттық қысым мен
температураны өлшеу




Гидрогеологиялық мониторинг нәтижелері



T-4НТ мониторинг ұңғымасындағы сағалық қысымның уақытқа тәуелділік кестесі







T-2НТ мониторинг ұңғымасындағы сұйықтың деңгейінің қалпының уақытқа тәуелділік кестесі



T-6НТ мониторинг ұңғымасындағы сұйықтың деңгейінің қалпының уақытқа тәуелділік кестесі




Гидрогеологиялық мониторинг нәтижелері




Мониторинг ұңғымаларындағы сағалық қысымның уақытқа тәуелділік кестесі



Гидрогеологиялық мониторинг нәтижелері



2004-2021 ж. аралығында өлшенген қабаттық қысымдарын салыстыру




2004-2021ж. аралығында өлшенген қабат температураларын салыстыру




Гидрогеологиялық мониторинг нәтижелері

T-2НТ (жоғарғы неоком)



T-6НТ (жоғарғы неоком)




Жоғарғы неоком қабатын бақылау үшін жабдықталған T-2НТ және T-6НТ ұңғымаларының су сынамаларындағы ластағыш заттардың құрамы




Гидрогеологиялық мониторинг нәтижелері

Т-5НТ (айдаудың басты нысаны)




Т-7НТ (айдаудың басты нысаны)




Неоком қабатындағы айдаудың басты нысанына мониторинг жүргізу үшін жабдықталған Т-5НТ және Т-7НТ ұңғымаларының су сынамаларындағы ластағыш заттардың құрамы



Гидрогеологиялық мониторинг нәтижелері




Альб-сеноман қабатына мониторинг жүргізу үшін жабдықталған Т-4НТ ұңғымасының су сынамаларындағы ластағыш заттардың құрамы



Өнеркәсіптік ағындылардың сынамаларындағы ластағыш заттардың құрамы







Полигон аймағына барлауға дейінгі шаралар бойынша жұмыстар






Сарқын су айдаудың гидродинамикалық моделі Модельдеу нәтижелері және талдама есептері






Тазартылған сарқын судың құрамы

№ п/п	Ластағыш заттардың аты	Есептік шоғырланулар, Спдс, мг/л
1	Мұнай өнімдері	220,00
2	Өлшенген заттар	150,00
3	Күкіртсутек	380,00
4	Сульфидтер	1 000,00
5	Хлоридтер	4 259,00
6	Сульфаттар	1 200,00
7	Жалпы темір	5,11
8	Мыс	0,04
9	Мырыш	0,20
10	Алюминий	0,42
11	Аммонийлы азот	36,50
12	Нитраттар	93,00
13	Нитриттер	60,90





Нормада болуы тиіс заттар концентрациясының шегі




Қолданыстағы рұқсатқа сәйкес

Сұралып отырған нормативтік шоғырланулар



Тазартылған сарқын суларды айдау кезіндегі қоршаған ортаға тиетін әсерді бағалау

Маңыздылықтың балдық көрсеткіші



■ Атмосферный воздух ■ Поверхностные воды ■ Подземные воды ■ Недра ■ Почвы ■ Растительность ■ Животный мир



Табиғатты қорғау іс-шаралары



Атмосфералық ауа

- Қысымды жүйенің бітеулігін бақылау
- Жобалық шешімдердің сөзсіз орындалуы
- Ауа жағдайына мониторинг




Жер асты сулары, жер қойнауы

- Ластағыш заттардың нормативтік шоғырлануларын қадағалау
- Гидрогеологиялық мониторинг бойынша жұмыстарды жалғастыру
- Айдау ұңғымаларының берік оқшауланғанын қадағалау



Топырақ жамылғысы

- Жұмыстарды тек қана уақытша пайдалануға берілген аумақ ішінде жүргізу
- Көлік қозғалысы тек қана бекітілген тас жолдармен
- Ұңғыма сағаларындағы алаңдарды бетондау
- Материалдарды сақтауға арналған алаңдарды жабдықтау
- Өндірістік экологиялық бақылау



Өсімдік және жануарлар дүниесі

- Жұмыстарды тек қана берілген жер телімінің ішінде жүргізу
- Жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің алуантүрлілігін сақтауға арналған арнайы бағдарламаларды жүзеге асыру



Қорытындылар және негізгі түйіндері

Тәулігіне 11000 м³ көлеміндегі сарқын суды айдау бойынша жобалық шешімдерді жүзеге асырудағы негізгі түйіндер :

1. Жұтқыш коллектордың қабылдағыштық қолайлы жағдайлармен қатар жеткілікті оқшауланғаны сарқын судың жоғары және төмен жатқан қабаттарға ағып кету қаупінің алдын алады. Орындалған модельдеу және жүргізілген есептер жоспарланғандай неоком сұйыққоймасының тәулігіне 11000 м³ көлеміндегі сарқын судың қабылдауға жеткілікті қуаты бар екендігін көрсетеді, ал сарқын судың таралу аймағы полигонды пайдаланудың 25-жылдық кезеңінде және полигонды пайдалану мерзімінің соңына дейін (2063 ж.) тау-кен телімінің ішінде қалады.

2. Сарқын судың айдауға арналған полигонда жыл сайын өткізілетін бақылау нәтижелері бойынша келесі тұжырымдамаларға келуге болады: түгел айдау кезеңінің бойында судың минералдылығының тұрақты деңгейі және айдау ұңғымаларындағы қысымның сәл ғана көтерілуі ағын сулардың бұзылуы жоқ екенін дәлелдейді; полигонның барлық бақылау ұңғымаларындағы қабат температурасының және айдау сұйыққоймасының термобарикалық күйі тұрақты екенін көрсетеді.

3. Мониторинг жүргізілген барлық кезеңде бойы өнеркәсіптік ағындыларды айдаудың нақты көлемі жобадағы көлемге жетпегені Теңіз кешеніндегі тазалау қондырғыларының жұмыс тиімділігін және де сарқын судың тазартуға бағытталған ТШО іс-шараларының нәтижелі екендігін көрсетеді.

Полигондағы бұдан былайғы зерттеу жұмыстары мақсатты сипатқа ие болады, яғни жобалық шешімдердің жүзеге асуына, полигондағы гидрогеологиялық жұмыстар бағдарламасының сақталуына, полигонның жұтқыш және бақылау ұңғымаларының жұмыстарын ілеспелі түрде тұрақты қадағалануына авторлық бақылауды қамтамасыз етеді.



Баяндамашының «Келешек кеңею жобасының басталуына орай қосымша көлемдерді есепке алатын өндірістік сарқын суды жер астына айдау жобасының қосымшаға ықтимал әсерлер туралы есепте» айтылатын сөздері

Қайырлы күн, құрметті қоғамдық тыңдауға қатысушылар! Сіздердің назарларыңызға **«Келешек кеңею жобасының басталуына орай қосымша көлемдерді есепке алатын өндірістік сарқын суды жер астына айдау жобасының қосымшаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша деректерді ұсынамыз.**

3 слайд. ЖОБА ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1980-жылдары «Теңіз кенішінде тереңде орналасқан, жақсы сіңіретін горизонттарды іздеу және барлау жобасы» шеңберінде, Теңіз кешенінен өндірістік сарқын суды айдау үшін қолайлы гидрогеологиялық жағдайларды зерттеу жүргізілді және 1992 жылы қорытынды есеп жасалды.

2001 жылы Геология және жер қойнауын қорғау комитеті мен ТШО Теңіз газ өңдеу зауытының өндірістік сарқын суды неоком дәуірінің өткізгіш құмтастарына айдау мақсатында, барлау және мұнай өндірумен байланысы жоқ, жерасты құрылымдарын салу және пайдалану үшін келісім-шартқа қол қойылды.

Келісім-шартқа сәйкес, өндірістік сарқын суды айдауға қатысты барлық жұмыстар 2002 жылғы «су айдау жобасына» және оның қосымшаларына сай жүргізіледі.

Өндірістік сарқын суды айдауға арналған полигон Атырау облысының Жылыой ауданында орналасқан. Теңіз кешеніндегі сарқын су айдау полигоны орналасқан тау-кен телімінің аумағы Теңіз кенішінің ішінде орналасқан. Мұнда ауылшаруашылық алқаптары не құрылыс нысандары жоқ. Тау-кен телімінің ауданы 31,9 км².

4 слайд. ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Өндірістік сарқын су мынандай қойнауқат түрлеріне айдалады: Валанжин, Баррем және Готерив қабаттарының шөгінділерінен құралған, Неоком резервуарының құм қабаты. Готерив құм қабаты – өндірістік сарқын суды айдауға арналған Неоком резервуарының басты қабаты. Оның құрамы ұсақтүйірлі құмнан және сүзу қабілеті күшті, біркелкі таяз, 1220-1760м тереңдікте жатқан саз қабатынан тұрады.

Неоком резервуары жоғарыдан аймақтық жоспар арқылы бақыланатын, су өткізбейтін Апт қабатының қалың саздарымен жабылған. Аймаққа тән таралған жоғарғы Юрдың қуатты карбонатты түзілімдері, Неоком түзілімдерінің аймақтық су өткізбейтін қабаты болып табылады.

5 слайд. Тазартылған өндірістік сарқын су айдау жүйесінің оңайлатылған сұлбасы

Қазіргі таңда Теңіз кешенінің өндірістік сарқын су айдау жүйесі Бірінші және екінші кешенді технологиялық желілердің (КТЖ), екінші буын (ЕБЗ) зауытының және КЗ кәріз жүйесінің тазартылған өндірістік сарқын суын жинауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Келешек кеңею – ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ККЖ-ҰЕҚБЖ) іске асырылғаннан кейін, өндірістік сарқын суды айдау жүйесіне үшінші буын (ҮБЗ) зауытының, Қысымды арттыру жүйесінің (ҚАЖ) және шикі газ айдаудың үшінші буыны нысанынан тазартылған өндірістік сарқын су беріле бастайды.

Жер астына айдалған, тазартылған өндірістік сарқын су мұнайды өңдеу кезінде қолданылатын техникалық судан пайда болады.

Күкіртсутек, мұнай өнімдері, механикалық қоспалар және ерітілген тұздардан тұратын мұнайды тұзсыздандырғаннан кейін ащы су жерасты қабатындағы сумен бірге зауыттық кешендердің тазартқыш қондырғыларына беріледі.

Тазартылған өндірістік сарқын сыйымдылығы 3800 және 3000 м³ тұндырғыш-қазандыққа құйылады; бұл қазандықтарды су бетінен мұнай пленкасын жинайтын қондырғы бар. Әрі қарай тазартылған өндірістік сарқын су қазандықтан құбырлар арқылы айдау полигонының

аумағында орналасқан Айдау станциясына жіберіледі де, сорғылардың көмегімен айдау ұңғымаларына айдалады.

Сонымен қатар, слайдта тазартылған өндірістік сарқын су айдау нысандарының фотолары көрсетілген: тұндырғыш-қазандықтар, сарқын суды айдау станциясы, айдау сорғылары мен ұңғымалары.

6 слайд. Тазаланған сарқын су айдау полигонының қазіргі жағдайы

Слайдта айдау және бақылау ұңғымаларының полигонда орналасу сұлбасы көрсетілген.

Ұңғымалардың жалпы саны -12.

Полигонда 7 бақылау ұңғымасы орналасқан.

Тазартылған өндірістік сарқын су 5 ұңғыма арқылы айдалады.

7 слайд. Судың айдалған көлемі

Қазіргі таңда «Теңізшевройл» ЖШС кәсіпорны Кешенді технологиялық желілер (КТЖ) және Екінші буын зауыты қондырғыларын пайдалана отырып, Теңіз және Королев кен орындарының дамыту жоспарының «базалық нұсқасы» бойынша толық қуатта жұмыс атқарып жатыр. Кәдеге жаратылатын су Теңіз газ өңдеу зауыты және ЕБЗ-ның тазартқыш қондырғыларынан шыққан өндірістік сарқын су болып табылады. Бұл слайдта полигонның бақылануы басталған кезден бастап сарқын суды айдаудың жобаланған және іс жүзіндегі көрсеткіштері көрсетілген. Кестеге сәйкес бақылау өткізілген жылдары, айдалатын өндірістік сарқын судың көлемі жобаланған мөлшерге жетпеді.

2021 жылдың бірінші қаңтарынан 2021 жылдың отызыншы маусымына дейінгі аралықты қамтитын кеніштің есебіне сәйкес, айдалған өндірістік сарқын судың жалпы көлемі 0,668 млн., текше метр (м³) болды, ал 5 айдау ұңғымаларындағы тәуліктік орташа айдау көлемі 3671 текше метр (м³).

Су айдау жұмысының басынан бастап, 2021 жылдың отызыншы маусымына дейін су сіңіргіш ұңғымаларға айдалған сарқын судың жиынтық көлемі 22,596 млн., текше метр (м³) болды.

8 слайд. Гидрогеологиялық мониторинг бағдарламасы

Полигонда гидрогеологиялық бақылау, ауданның гидрогеологиялық жағдайларының уақыт және кеңістік бойынша өзгеруіне, сонымен қатар, жерасты суының сапасына, яғни жерасты суын бақылау үшін дерекқор құрастыруға, айдалған өндірістік сарқын су қай бағытта, қандай масштабта әсер ететінін анықтау үшін жүргізіледі.

Бақылаудың сараптамалық бөлігі аясында 27 параметр бойынша зертханалық зерттеулер жүргізіледі, сонымен бірге жер қойнауының қысымы мен температурасы өлшенеді.

Мұндай сараптама жылына 2 рет өткізіледі.

7 бақылау ұңғымасы арқылы су сіңіргіш Неоком және «буферлі» Альб-сеноман қабатының режимі қадағаланады.

Полигонды пайдалану барысында жобалық шешімдердің орындалуын бақылау - өз кезегінде «Запказнедра» аймақаралық департаментінде жылдық Авторлық қадағалау арқылы келісіледі.

9 слайд. Гидрогеологиялық мониторинг нәтижелері

Сарқын сулардың таралу жолдары және қойнауқат қысымын бақылау үшін су айдайтын ұңғымалардың айналасында орналасқан фондағы ұңғымалар пайдаланылады.

T-2НТ және T-6НТ ұңғымалары Неоком қабатының жоғарғы жағын бақылау үшін Неоком қабатының жоғарғы жағында орналасқан. Схемада көрініп тұрғандай, ұңғымалардағы су

деңгейі шын мәнінде өзгермейді, яғни қойнауқатқа айдалған өндірістік сарқын су, су деңгейіне ешқандай әсер етпейді.

Т-4НТ ұңғымасы буферлік қабаттың параметрлерін зерттеу мақсатында Альб-сеноман сулы жиекке жабдықталған. Бақылауды бастаған кезде ұңғымалық сұйықтықтың деңгейі минус 6,5 м болды, ал сосын су деңгейі сағада артық қысымға дейін көтерілді. Соңғы өлшемдер бойынша сағалық қысым тұрақты 0,1 Мпа болатын, бұл суды басқа қабатқа аударғаннан кейін сағалық қысымдардың тұрақтанғанын дәлелдейді.

10 слайд. Гидрогеологиялық мониторинг нәтижелері

Т-5НТ, Т-7НТ, Т-11НТ және Т-12НТ ұңғымалары Неоком қабатындағы басты айдау нысанын бақылау үшін жабдықталған.

Айдалатын сарқын судың таралу фронты полигонның Т-5НТ және Т-7НТ бақылау ұңғымаларына қалай әсер ететіні слайдтағы кестелерде көрсетілген. Ұңғымалардағы су деңгейі абсолют белгілерінен сағалық артық қысымға дейін көтеріліп, 0,4-тен 1 МПа-ға дейін ауытқығаны, өндірістік сарқын судың Неоком сулы қабатында тұрақты түрде жайылатынын көрсетеді.

11 слайд. Гидрогеологиялық мониторинг нәтижелері

Теңіз кешеніндегі сарқын су айдау полигонындағы гидрогеологиялық жұмыстар бағдарламасына сәйкес, полигонның барлық бақылау ұңғымаларының оқпандарында жарты жылда бір рет қойнауқат қысымы мен температурасы өлшенеді. Құрастырылған кестелер бойынша қойнауқат қысымы мен температурасының көрсеткіштері шын мәнінде өзгермейді деген қорытынды жасауға болады. Бұл факт Неоком сулы қабатындағы термобарикалық күй тұрақты екенін айтады.

12 слайд. Гидрогеологиялық мониторинг нәтижелері

Неоком, Альб-сеноман қабаттарындағы судың физикалық-химиялық қасиеттерінің өзгеруін және бақылау ұңғымалары мен өндірістік сарқын судан алынған сынамалардағы ластауыш заттардың концентрациясын салыстырып, талдау үшін, бізде 2004-2019 жылдар аралығында жүргізілген талдау нәтижелері бар.

Слайдта Неоком қабатының жоғарғы жағына жабдықталған Т-2НТ және Т-6НТ бақылау ұңғымаларындағы жерасты суы құрамының өзгергенін көрсететін кесте берілген. Су сынамаларындағы компоненттер, Неоком мен Альб-сеноман қабатындағы ұңғымалардың орналасу жағдайы мен бұрғыланған тесіктердің аралықтарына тәуелді.

13 слайд. Гидрогеологиялық мониторинг нәтижелері

Неоком қабатындағы негізгі су айдау бөлігіне жабдықталған Т-5НТ және Т-7НТ ұңғымаларынан да солай.

Кестелерде үш зат бойынша деректер берілген: күкіртсутек, мұнай өнімдері және өлшенген заттар.

14 слайд. Гидрогеологиялық мониторинг нәтижелері

Дәл солай Альб-сеноман сулы қабатында орналасқан Т-4НТ ұңғымасының суы мыен айдауға жіберілетін тазартылған өндірістік сарқын су сынамаларының сипаттамасы беріледі.

Зертханалық зеттеулер нәтижелерін түйіндеп, Неоком және Альб-сеноман сулы қабаттарындағы жерасты суының күйі туралы мынандай қорытынды жасауға болады: рұқсат етілген төгінділер нормативтеріне сәйкес күкіртсутек мөлшерінің белгіленген шектен асу жағдайлары байқалмады; мұнай өнімдері бойынша – рұқсат етілген шектен асу жағдайлары байқалмады; 2013 жылға дейін өндірістік сарқын суда өлшенген заттардың белгіленген шектен асқаны тіркелген, су тазартқыш қондырғылар жүйесін жақсартқаннан кейін 2013 жылдан бері өлшенген заттардың концентрациясы азаюда.

15 слайд. Полигон аймағын толық барлау жұмыстары

Интерпретация нәтижелері мен модельдеудің болжанған нәтижелеріне сүйене отырып, қажеттілігіне қарай, 4 айдау ұңғымаларын бұрғылау жоспарланып отыр. Жаңа айдау ұңғымаларының орындары, өндірістік сарқын суды айдау қажеттілігінің өсетінін және суды қабылдап, берік ұстап тұратын екі құм қабатының қуатын ескере отырып, құмның қалыңдық картасы бойынша таңдалды.

Толыққанды бақылау өткізу үшін қосымша 4 айдау ұңғымаларын бұрғылау көзделген. Олардың ішіндегі 2 ұңғыма тау-кен телімінің сыртында арнайы бұрғыланған фондық бақылау ұңғымалары ретінде жұмыс жасайды. Осы ұңғымалардан алынған су үлгілері эталон үлгі ретінде, яғни тау-кен телімінің тікелей ішінен алынған су үлгілерін салыстырмалы түрде сараптау үшін қолданылады. Суретте көрсетілгендей, жобалық бақылау ұңғымалары қоланыстағы бақылау ұңғымаларымен бірге айдалған сарқын судың таралу жолдарын бақылайтын «шеңбер» құрайды.

16 слайд. Сарқын су айдаудың гидродинамикалық моделі Модельдеу нәтижелері және талдама есептері

Тау-кен телімінің шегінде орналасқан Неоком қабатындағы сарқын судың таралу шекарасын анықтау мақсатында ТШО-ның гидродинамикалық модельдеу тобы су айдау шарттарының бастапқы деректерін қолдана отырып гидродинамикалық модельдеу жасады. Бұл модельде қолданыстағы айдау ұңғымалары және жаңа ұңғымаларды іске қосуға арналған болашақтағы жоспар ескерілген.

Тәулігіне 11000 текше метр (m^3) су тұрақты түрде айдалғанда, судың жайылуы 2063 жылға дейін, яғни полигонды пайдаланудың соңғы мерзіміне дейін болжалды. Модельдеуден шыққан соңғы нәтижелер осы слайдта көрсетіліп, Неоком қабатына айдалатын сарқын сулардың тәулігіне жоспарланған 11000 текше метрді (m^3) қабылдауға жеткілікті қуаты бар екені көрсетілген, сонымен қатар, полигонды пайдаланатын 25 жыл ішінде және 2063 жылы полигонды пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін сарқын сулардың таралу фронты тау-кен телімінің шегінде қалатыны көрсетілген.

17 слайд. Тазартылған сарқын сулардың құрамы

Ластағыш заттардың рұқсат етілген төгіндісінің есептелген концентрациясы нормативтік-әдістемелік талаптар негізінде қабылданған.

Өндірістік сарқын судың бір сағаттағы ең көп шығынын ластағыш заттың рұқсат етілген төгінді концентрациясына көбейтіп, тазартылған сарқын сумен бірге жер асты қабатына жіберілетін ластағыш заттардың рұқсат етілген төгінді мөлшері анықталады.

Жобада уәкілетті органмен келісіліп, бекітілген ластағыш заттардың концентрация шегі қолданылады.

Барлық ластағыш заттардың жалпы мөлшеріне шаққанда, тек 10 пайызы күкіртсутек, мұнай өнімдері және өлшенген заттарға келетінін атап кеткен жөн.

18 слайд. Нормада болуы тиіс заттар концентрациясының шегі

Егер өндірістік сарқын су мұнай өнімдерінен, өлшенген заттардан және күкіртсутектен тазаланса, онда оларды жерасты сулары ауыз су, бальнеологиялық, техникалық, суландыру мұқтаждықтары және мал шаруашылығы үшін қолданылмайтын, оқшауланған, суланмаған жер асты қабаттарына және жерасты сулы қабаттарға айдауға мүмкіндік пайда болады.

Сарқын сулардың көлемі ұлғайса да, ТШО сарқын суларды тазалау бойынша осы көрсеткіштерді ұстанатыны және бекітілген деңгейде сақтайтыны осы кестеде көрсетілген.

19 слайд. Тазартылған сарқын суларды айдау кезіндегі қоршаған ортаға тиетін әсерді бағалау

Қоршаған ортаға тиетін әсерді бағалау қиын мәселе, өйткені ол үшін зерттеудің түрлі салаларының көптеген факторларын қарастыру қажет.

Табиғи ортаның белгілі бір құрамдас бөлігіне тиетін әсердің қорытынды көрсеткіші төмендегі параметрлер бойынша бағаланады: кеңістіктік масштаб; уақыттық масштаб; қарқындылық.

Экологиялық әсердің кеңістіктік параметрі жобалық техникалық шешімдердің талдауының, қоршаған ортаға ластағыш заттардың таралу процестерінің математикалық модельдеуінің негізінде анықталады.

Табиғи ортаның жекелеген құрамбөліктеріне тиетін әсердің уақыттық параметрі техникалық талдау, талдамалы немесе сараптамалық бағалау негізінде анықталады.

Әсердің кешенді балы әсердің алаңдық, уақыттық және қарқындылық көрсеткіштерінің балдарын бір-біріне көбейту арқылы анықталады.

Әсерді азайтатын табиғат қорғау шараларын есепке алумен, табиғи ортаға тиетін ықтимал салдар анықталады және де осы әсерлерге интегралдық баға беріледі.

Слайдтағы кестеде көрсетілгендей, жер қойнауына тазартылған сарқын суларды айдау кезінде әсердің ең жоғарғы балдары жер асты сулары мен жер қойнауына келеді.

Бұл ретте, әдістемеге сәйкес, 8 балдық көрсеткіш әсердің салдары сыналатынын, бірақ та әсердің мөлшері біркелкі төмен, әрі рұқсат етілген стандарттар шегінде екенін білдіреді.

20 слайд. Табиғат қорғау іс-шаралары

Компанияның өндірістік қызметінің ықтимал әсерін бағалау және жағымсыз салдардың алдын алу үшін, ТШО қоршаған ортаның күйін бақылау бойынша белсенді және жемісті қызмет атқарып жатыр.

Тазартылған өндірістік сарқын суларды жер қойнауына қауіпсіз айдау үшін ең бастысы жобалық шешімдерді ұстану қажет.

Сонымен қатар, гидрогеологиялық бақылау жұмыстарын жалғастырып, айдау ұңғымаларының берік оқшауланғандықтарын қадағалау қажет.

Жолсыз жерлермен қозғалысқа тыйым салу, материалдарды тек қана жабдықталған алаңдарда сақтау және т.б, шараларды орындау керек.

Сонымен бірге, келешек кеңею жобасындағы экологтар тобының атқарып жатқан көптеген жұмыстарының бірін атап кеткен жөн. Мысалы, құстар ұя салатын кезде ұяларды күзету бағдарламасы - құрылыс алаңында ұялар табылса, бұл жердегі әсерді азайтуға шаралар қолданылады, тіпті жұмыс әбден тоқтатылуы мүмкін. Жоба бойынша құстардың ұя салуын және қоныс аударуын білікті орнитолог бақылайды. Ұя және жабайы аңдарды кездестірген кезде қызметкерлердің әрекеті туралы тиісті нұсқаулар дайындалды. Ол нұсқауларда құс ұясы мен жануарларға зиян тигізбеуді қамтамасыз ететін әрекеттер жазылған.

21 слайд. Қорытынды

Мұнай кеніштеріндегі өндірістік сарқын суды кәдеге жарату мәселесі бұл сектор үшін маңызды, өйткені ол көмірсутектерді өндіру мен өңдеу технологиясының қазіргі даму деңгейінде өндірістік процестің ажырамас бір бөлігі. Өндірістік сарқын сулар шын мәнінде көмірсутектік шикізатты тазарту барысында бөлінген қаныққан тұздардың ерітіндісі болып табылады.

Тазартылған сарқын суларды жер асты қабаттарына айдау әдісі қазіргі таңда жақын және алыс шетелде кеңінен қолданылуда. Бұл әдістің ауыз су, бальнеологиялық,

техникалық, суландыру және мал шаруашылығы мақсаттарына жарамайтын тазартылған өндірістік сарқын суларды қоршаған ортаға қауіпсіз жайғастыру тәсілі екені дәлелденді.

Бұл жоба осыған дейін бекітілген өндірістік сарқын суды айдау жобасына қосымша болып табылады. Оның мақсаты - тазартылған өндірістік сарқын суды айдау көлемін тәулігіне 6000 текше метрден (м³) 11000 текше метрге (м³) дейін өсіру.

Слайдта көрсетілген негізгі ақпаратқа сүйене отырып, су айдау көлемдерін өсіру ұсынылады:

1. Су сіңіргіш коллектордың жеткілікті оқшауланғаны және суды қабылдап, ұстап тұру жағдайының сенімділігі, сарқын сулардың жоғары және төмен жатқан қабаттарға ағып кетуіне жол бермейді. Орындалған модельдеу және есептерге сәйкес, неоком қабатында жоспарланған тәулігіне 11000 текше метр көлеміндегі сарқын суларды қабылдауға жеткілікті қуаты бар, ал сарқын сулардың таралу аймағы 25 жылдық полигонды пайдалану мерзімі бойынша және полигонды пайдалану мерзімінің соңына дейін (2063 ж.) тау-кен телімінің ішінде қалады.

2. Өндірістік сарқын суды айдауға арналған полигонда жыл сайын өткізілетін бақылау нәтижелері бойынша мынандай қорытынды жасауға болады: су айдаудың барлық кезеңі бойынша, судағы минералды заттардың тұрақты деңгейі және айдау ұңғымаларындағы қысымның сәл ғана көтерілуі, сарқын сулардың басқа қабатқа жылыстауының жоқ екенін дәлелдейді; полигонның барлық бақылау ұңғымаларындағы қойнауқат температурасының және қысымының өлшенгені су айдалатын резервуардың термобарикалық күйі тұрақты екенін дәлелдейді.

3. Жүргізілген бақылаудың барлық кезеңінде өндірістік сарқын судың іс жүзінде айдалған көлемдерінің жобаланған көлемдерге жетпегені, Теңіздегі су тазалайтын қондырғылардың жұмысы және де ТШО-ның сарқын суларды өңдеу процесін жақсартуға арналған іс-шараларының нәтижелі екенін көрсетеді.

Полигонда болашақта орындалатын зерттеу жұмыстары, жобалық шешімдерді орындай отырып, полигондағы гидрогеологиялық жұмыстар бағдарламасынан ауытқымай, полигонның су айдайтын және фондағы ұңғымаларының жұмыстарын тұрақты түрде қадағалай отырып, авторлық бақылауды қамтасыз ете отырып, белгілі бір мақсатта орындалады.

22 слайд. Назарларыңызға рақмет!

Қоғамдық тыңдау өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

т/а №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға қайтарылған жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
1	2	3	4
1	<p>Шарғабаева Жанаргүл Сағынбайқызы, Жылыой ауданы тұрғыны және Құлсары қ. Мониторинг топ мүшесі:</p> <p>Сіздер жер асты қойнауына мұнайды алған жерге қайтадан мұнайдан қалған суды айдайсыздар ма?</p> <p>Екінші сұрақ табиғатты қорғау іс-шаралар туралы ақпарат. Бізге осы 2022 ж. дейінгі нақты жасалған іс-шаралар сол жер асты жер бетіндегі байлықтарымызды қорғап қалуға қандай жұмыстар атқарылды. ТШО өндірістік зауыты іске қосылғаннан бері осы байлықты: өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, жер асты қойнауын, жер бетіндегі ауаны қорғауға қандай шаралар жасалған?.</p>	<p>Рзабек Артығалиев, Үкімет және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері:</p> <p>Рақмет! Сұрағыңызға да, жанын салып айтқанызға да. Мен де осы Құлсарыда туып өскен адаммын. Теңіз кен орның игеру 1985 жылдан басталды, Совет үкіметі кезінде. Сол кезді қазіргі уақытпен салыстарғанда, біз жол салып, бәрін реттеп отырмыз. Ең бірінші мұнай Теңізден 1991 жылы тапқан. Содан кейін Санитарлық қорғау зона, СЗЗ деп айталатын құрылды. Қазір ТШО-да 12 автоматикалық мониторинг станциялар бар, жер асты суды қарайтын мониторинг скважиналар бар. Суды қайда айдап отырған сұрағыңызға айта келсек, бұл сарқын су бар жағынан изоляцияланған неокомдік горизонтке айдалады.</p>	<p>Жауап қабылданды. Қосымша сұрақтар мен ұсыныстар жоқ</p>
2	<p>Жылыой ауданының тұрғыны:</p> <p>Неге ТШО-ның басшысы келмейді, неге ол кісі халықпен бірге болмайды? Совет Үкіметі мезгілінен бері жол қисық болды және топырақ бетінде тұрды. Қазіргі кез бөлек. Құлсары ТШО-ға 120 шақырым жердеміз, Құлсарының көркі қандай? Бізге ТШО-ның басшысы Кевин Лайон келу керек, содан кейін онын басшылары келу керек. Мында халық сізге өзінің жағдайын айтуға келді. Бүгін ТШО-дан адам келеді, Нур-Сұлтаннан адам келеді, жиналындар, әңгіме болады деген. Суларын, топырағын, экология емес, 39 000 адамға қысқарту болайын деп жатыр, сол үшін келіп тұрмыз.</p>	<p>Рзабек Артығалиев, Үкімет және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері:</p> <p>50% жалақысы туралы түсіндіру керек. Біз 3 айға авансовый ақша 50%, төлеп жібердік. Жалақыны тұрақтандыру үшін уақыт керек. Көтерілген жалақы түспейді. 3 айға авансовый ақша бергеніміз, мекемелер өзінің ішкі бухгалтерлік системаларын іске келтіргенше, соған 3 ай уақыт бердік, артынан 50% төлену жалғастырылады. Барлық мердігерлермен алдындағы тарифный ставка бойынша контрактқа қол қойдық. Соны енді өзгертуіміз керекпіз. Азамат ретінде, белсенді ретінде барлығына айтуыңды сұраймыз. Құрылысшы және сервис компанияларын біріктіріп 50%-ға көтердік. Барлығыда рахметін айтып жатыр. Екінші мәселе – көгалданыру. Көгалданыру туралы Атырау облысы әкімімен келістік, бұл шараға 50 га жер бөлді. 50 гектардан 15 гектарын теңдерге салынды, сол кезде Құлсарының мекемесі болсын, мәселелерді шеше алатын болсын деп айттық. Өзіңіз білесіз судың жағдайы қиындап бара жатыр. Облыс әкімімен кездескенде, барлық магистральды салып берейк деп айттық, салып</p>	<p>Қоғамдық тыңдауда талқыланып отырған мәселеге қатысы жоқ.</p>
3	<p>Жылыой ауданының тұрғыны:</p> <p>Халықтың реніші дұрыс, халық баяндаманы қабалдамады ма, қоя салу керек еді. Құлсарыда қанша халық бар, қанша белсенділер бар, бәрінің айтатыны экология мәселесі. 30 жылда Теңіз ешқандай зардабын тигізген жоқ деп ойлайсыздар ма? Жылыойға шығыны келген жоқ деп ойласыздар ма? Біз улы аймақта отырған себептен, ТШО бізге қаражат бөлу керек. Егер бөлінсе, Құлсарының жағдайы осындай болады ма? Құлсары қала, тек бес микрорайон бар, асты су, жазды күні маса. Кевин Лайон келу керек, халықпен жүру керек,</p>	<p>Барлығыда рахметін айтып жатыр. Екінші мәселе – көгалданыру. Көгалданыру туралы Атырау облысы әкімімен келістік, бұл шараға 50 га жер бөлді. 50 гектардан 15 гектарын теңдерге салынды, сол кезде Құлсарының мекемесі болсын, мәселелерді шеше алатын болсын деп айттық. Өзіңіз білесіз судың жағдайы қиындап бара жатыр. Облыс әкімімен кездескенде, барлық магистральды салып берейк деп айттық, салып</p>	<p>Қоғамдық тыңдауда талқыланып отырған мәселеге қатысы жоқ.</p>

т/а №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға қайтарылған жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
1	2	3	4
